



010000, Нұр-Сұлтан қ., Бейбітшілік к-сі, 11 үй
тел.: 55-66-31, 55-66-35, факс: 55-72-94

010000, г. Нур-Султан, ул. Бейбитшилик, 11
тел.: 55-66-31, 55-66-35 факс: 55-72-94

№
14.09.2022 № 5 ге

Тұрақты комиссияның 2022 жылғы 14 қыркүйектегі қаулысы

Елорда жолдарын жөндеу бойынша атқарушы орган жүргізген жұмыс туралы

Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының құрылыс, экология, көлік, сауда және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы (бұдан әрі – тұрақты комиссия) Астана жолдарын жөндеу бойынша атқарушы орган жүргізіп жатқан жұмыстар туралы ақпаратты тыңдап және талқылап мынаны атап өтеді.

2022 жылы Нұр-Сұлтан қаласының көше-жол желісін орташа және ағымдағы жөндеуге жергілікті бюджеттен 14,8 млрд. теңге бөлінді.

Бөлінген қаражат есебінен жалпы ұзындығы 67,9 км. болатын 123 көшені жөндеу жоспарлануда, оның ішінде 55-і орталық көше (41,5 км.) және елорданың тұрғын үй алаптарындағы 68 көше (26,4 км.).

Бүгінгі күні ұзындығы 44,67 км 59 көшеде жұмыстар аяқталды, оның ішінде 46 орталық көше (28,5 км.) және тұрғын үй алаптарындағы 13 көше (3,2 км.).

Ұзындығы 23,4 км 37 көшеде, оның ішінде ұзындығы 9,2 км 7 орталық көшеде және ұзындығы 14,1 км тұрғын үй алаптарындағы 30 көшеде жұмыстар жүргізілуде.

Ағымдағы жылдың қазан айының соңына дейін жалпы ұзындығы 14,23 км қалған 27 көшеге, оның ішінде ұзындығы 3,69 км 2 орталық көшеге және ұзындығы 10,54 км тұрғын үй алаптарындағы 25 көшеге орташа жөндеу жұмыстарын аяқтау жоспарлануда.

Сонымен қатар, көше-жол желісін ағымдағы жөндеу аясында келесі жұмыстар жүргізілді:

- Исатай батыр, А. Жұбанов, Ә. Бөкейхан, Хусейн бен Талал, Қордай, Еңлік Кебек көшелері және жалпы ұзындығы 7 км астам басқа көшелер бойында жаңа тротуарлар салынды;

- 35 дана жаңа аялдау қалталары орнатылды, 7 дана орнатылу үстінде;

- 5 әлеуметтік нысанға кіреберіс жолдар салынды;

000175

- 250 дана пандус (арбаға арналған сырғыма баспалдақ) орнату бойынша жұмыстар жүргізілді;

- 7 көпір құрылыстарында жұмыстар жүргізілді (баспалдақтар мен алаңдарды жөндеу, т/б конструкцияларын бояу және т. б.);

- 4 жол қозғалысын ұйымдастыруды өзгерту бойынша жұмыстар жүргізілді (бұрылу алаңдары, қосымша жолақтар салу), 6-уы бойынша жұмыстар жүргізілуде;

- жалпы ауданы 75,600 м² болатын 200-ден астам көшеде шұңқырларды жөндеу жұмыстары жүргізілді;

- жалпы ауданы 64,300 м² болатын 37 көшеге маршруттық жөндеу жүргізілді;

- қызмет көрсету ұйымдары авариялық жұмыстар жүргізгеннен кейін 15 учаскенің жол жабынын қалпына келтіру бойынша жұмыстар жүргізілді.

2022 жылға 44,6 млрд. теңге (Ұлттық қордан 36,5 млрд. теңге, жергілікті бюджеттен 8,1 млрд. теңге) мөлшерінде бекітілген қаржыландыру шеңберінде 24 объектінің құрылысы бойынша жұмыстар жүргізу жоспарлануда, сонымен қатар жалпы ұзындығы 6,5 км болатын 5 жоба толық көлемде аяқталады.

Нұр-Сұлтан қаласының тұрғын үй алаптарында жолдар мен инженерлік желілерді салу, реконструкциялау шеңберінде 7 млрд. теңге бөлінді (республикалық бюджеттен – 5,5 млрд.теңге, жергілікті бюджеттен – 1,5 млрд. теңге).

Отырыс барысында жолдар мен тротуарлардың газ жабдықтарын төсеу орындарындағы апаттық жағдайы, жол құрылысы мен жол-көлік инфрақұрылымының сапасы мәселелері айтылды.

Жоғарыда баяндалғанның негізінде Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының құрылыс, экология, көлік, сауда және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТТІ:**

1. Елорда жолдарын жөндеу бойынша атқарушы орган жүргізген жұмыс туралы ақпарат назарға алынсын.

2. «Нұр-Сұлтан қаласының Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы» ММ:

- елорда жолдарын жөндеу жөніндегі жұмысты жалғастыру;

- Астана технопаркi аумағындағы жолдарды жөндеу туралы ақпарат беру;

- «Пригородный» тұрғын алабындағы жолдарды жөндеуді қарастыру;

- депутат Ф.Қ. Тәжімұратовтың елорда әуежайының жанындағы қиылысқа қатысты өтініші бойынша жұмыс жүргізу;

- тұрғын алаптарындағы үйлерге тротуарлар мен кірме жолдарға ұсақ жөндеу жұмыстарын жеделдету;

- елорданың тұрғын үй алаптарындағы жолдарды жөндеудің нақты кестесін ұсыну;

«Жол активтері сапасының ұлттық орталығы» РМК-ды елордада жол-құрылыс жұмыстарын аяқтау қорытындысы бойынша жүргізілген жұмыстарға талдаумен отырысқа шақыру;

элеуметтік нысандарға кірме жолдардың және жылы аялдамалардың дайындығы туралы анықтама әзірлеу;

Нұр-Сұлтан қаласының Полиция департаментімен бірлесіп жолдарды жөндеу және салу барысында жол белгілерін, таңбаларды және басқа да инфрақұрылымды бір мезгілде орнату жөніндегі жұмысты күшейту ұсынылсын.

3. Нұр-Сұлтан қаласының аудандық әкімдіктеріне тұрғындардың өтінімдерін және жолдарды алдыңғы жөндеудің талдауын ескере отырып, жолдарды жөндеу бойынша алдағы жылға арналған негізделген жоспарды дайындау, жоспарға нашар жағдайдағы жолдарды бірінші кезекте енгізу ұсынылсын.

4. Нұр-Сұлтан қаласының Полиция департаментіне ауыр салмақты автомобильдердің жүру ережелерін бұзушыларды жауапкершілікке тарту бойынша іс-шаралар жүргізу ұсынылсын.

5. «Нұр-Сұлтан қаласының Қалалық орта сапасы және бақылау басқармасы» ММ жалпы пайдаланымдағы жолдарды қазу бойынша жұмыстарды келісу бойынша ұсыныстар енгізу ұсынылсын.

6. Осы қаулының орындалуы бойынша ақпаратты қалалық мәслихатқа бір ай мерзімде беру қамтамасыз етілсін.


Отырыс төрағасы –

Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының

құрылыс, экология, көлік, сауда және тұрғын үй-коммуналдық

шаруашылық мәселелері жөніндегі

тұрақты комиссияның мүшесі



А. Смағұлов